

۹۸۱۲۷۸

الببلي

الببلي

ӘЛІПБИ

Älīpbī

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDА +7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындагы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастыруышылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛІПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер камтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық таныткан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

жазған. Бастапқа кезде Б.ж. бустрофедон, яғни бірінші жолы солдан онға, екінші жолы оңдан солға қарай жазылған. Ал 1960 жылдан бастап Б.ж. оңдан солға қарай жазу макұлданған. Бүгінде Б.ж. қолданыста жоқ, оның орнына халықаралық фонетикалық әліпбій жүреді.

Әз	Пә	Тәз	Сә	Әз	Сә	Сә	Әз	Пә	Тәз	Сә
ehnii n	kah k	say s	fah f	mbe mb	yeeay ʃ, l	gah g	dii d	krah kp	jauh j	
Әз	Wah	Zau	Gbu	Udau	Chay	Uwhuu	Tau	Bah	Yu	l
whah h w / xw	w	z	gbu	udau	chay	uwhuu	tau	bah	yu	
Әз	Рә	Uwada	Ah	Auh	Oh	Uuh	Aay	Eh	Iih	Әз
yaayin h	pah p	rli	a	ɔ	o	u	e	ɛ	i	

«Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі» – 1935 жылы Қазақстан Халық ағарту комиссариатының бастауыш орта мектеп басқармасы оку әдіс секторының бекітуімен жарық көрген еңбек. Ана тілінің бағдарламасы бес салаға жіктелгендіктен, әдісі де бес саладан құралған: грамматика, емле, жазу әдісін Т.Шонанұлы, саят аштыру, тіл дамыту әдісін Ф.Бегәліұлы, оку әдісін С.Жиенбайұлы жазған. Жалпы редакциясын профессор К.Жұбанов басқарған. Кітап 1934 жылдың 27 қыркүйегінде баспаға беріліп, 7000 тиражben жарық көрген. 122 беттен тұратын кітап бастауыш мектеп оқытушылары мен педагогикумдерге арналған.

Башқұрт жазуы – түркі тілдері қыпшақ тобының қыпшақ-бұлгар тармагына жататын башқұрт тілінің жазуы. Б.ж қазіргі уақытта кирилге негізделген әліпбій қолданылады. Башқұрт жазуының тарихында 4 кезең бар: XIX-XX ғасырдың басы – араб және кирил әліпбій негізіндегі жазу қалыптастырудың алғашқы тәжірибелері; 1923-1930 жылдары – араб әліпбій негізіндегі жазу; 1930-1940 жылдары – латын негізіндегі жазу; 1940 жылдан бастап – кирил негізіндегі жазу. XIX ғасырдың ортасына дейін башқұрттардың жазба тілі ескі түркі жазба әдеби тілі (туркі) және оның жергілікті нұсқасы – Орал-Еділ бойы түркілері жазуы болды. XIX ғасырдың ортасында тілдің фонетикалық ерекшеліктерін бере алатын башқұрт ұлттық жазуын құрудың алғашқы әрекеттері жасалды. Сонымен 1869 жылы Мирсалих Бекчурин «Бұхар, башқұрт, қырғыз және Түркістан түрғындарының диалектілерімен араб, парсы және татар тілдерін үйренудің алғашқы нұсқаулығы» кітабында алғашқы башқұрт грамматикасын шығарды. 1860 жылдары миссионер-ағартушы Н.И.Ильминский өзінің «Түрік-татар тілі курсына кіріспе оқылым» атты еңбегінде башқұрт тілін жазу үшін кирил әліпбійн қолдануды ұсынды. Осы еңбектің негізінде XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында бірқатар башқұрт әліппелері жарық көрді. 1921 жылғы шілдеде кеңестердің 2-ші Бүкілбашқұрттық сиезі Башқұрт АССР-нің мемлекеттік тілі ретінде башқұрт тіліне арналған жазу жасау жөнінде